"Келісемін"
Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
____________А.Е.Шамова

"31" 08 ________2022 ж

"Бекітемін"
" М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта
мектебі "КММ директоры
____________Ж.Т.Жанайдаров

"31" 08 2022 ж




**"М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі" КММ-нің 8 «Г» класына арналған**

**ТАҚЫРЫПТЫҚ ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ**

**2022-2023 оқу жылы**

**Класс жетекшісі:**Нурланова Илиана Сериковна

**Ақтөбе қаласы**

**Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылады.**

**Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс өткізілуі тиіс.**

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуір №145 бұйрығын басшылыққа ала отыра, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы «19» тамыз №252 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін бекіту туралы» бұйрығын іске асыру негізінде**

**М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі тәрбие жұмысының басым бағыттары:**

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани-танымдық, адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасылық тәрбие
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
7. Көпмәдениеттілік және көркем-эстетикалық тәрбие
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

***Жоспар бойынша жүргізілетін басымдылықтар:***

- ✓ Ата-анамен жұмыс
- ✓ Айына 1 рет экологиялық сабақ
- ✓ Жолда жүру ережесі
- ✓ Өмір қауіпсіздік негіздері

***Мектептің тәрбие жұмысының 2022-2023 оқу жылындағы проблемалық тақырыбы:***

*Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.*

***Сыныптың тәрбие жұмысының 2022-2023 оқу жылындағы проблемалық тақырыбы:***

Өз оқуына жауапты, зерттеу үстінде, табанды, ресурстар мен технологияларды мақсатына тиімді пайдаланатын дербес оқушы;
· дербес ойлау қабілеті бар, айналасындағылармен қарым-қатынасы жақсы, ауызша және жазбаша коммуникациясы дамыған, өз-өзіне сенімді адам;
· Қоғамдастықтың өмірін жақсартатын, түсінетін, қатысатын, сыйлайтын және басқаның қамын ойлай білетін қоғамның белсенді мүшесі;
· икемді бастама білдіретін, тәуекелге баратын, икемді, креативті, тұрақты қамқор азамат қалыптастыру.

***Мақсаты:***

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

***Сыныптың жаңа оқу жылына қабылданған міндеттемелері:***

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.

6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Тәрбие жұмысы жоспары

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің 2022-2023 оқу жылына И.С.Нурлpraнованың 8Гкласына арналған

Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар жоспары

| № | Тәрбие жұмысының атауы | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| **I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету** | | | | |
| | • Қазақстан Республикасының Конституциясы<br>• 2019-2024 жылдарға арналған Ақтөбе облысы білім бөлімінің 2019 жылғы 19 тамызындағы № 252 бұйрығы<br>• Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылдың «15» сәуірдегі № 145 бұйрығын | | | |
| **II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету** | | | | |
| 1 | Жағдайы төмен білім алушылар жөнінде мәлімет және отбасына қатысты құжаттарын жинап тізімін жасақтау. | Электронды почта арқылы | ДТІЖО<br>Класс жетекшілер<br>Әлеуметтік педагог | Жыл басы |
| 2 | Кластың әлеуметтік паспортын дайындау. | Электронды почта арқылы | ДТІЖО | Жыл басы |
| 3 | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығының іс-шаралар жоспарының жүзеге асырылуы | Іс – шаралар | Класс жетекшілер | Жыл бойы |
| 4 | «Қоғамға жат мінез - құлықтан бас тарт» акциясын ұйымдастыру. | Видеороликтерді ұйымдастырып, инстаграм желісінде жариялау | ДТІЖО<br>Класс жетекшілер<br>Тәлімгер | Қазан |
| 5 | Ерекше санаттағы білім алушылар тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету | Электронды почта арқылы | Әлеуметтік педагог | Жыл басы |
| 6 | Баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында үйірме, спорттық секция және клуб жұмыстарына тарту, құжаттарын жинақтау | Электронды почта арқылы | Класс жетекшілер | Жарты жылдық бойынша |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | Оқушылардың сабаққа қатысымын тексеру | Электронды почта арқылы | Әлеуметтік педагог | Үнемі |
| 8 | Балалар жарақатының алдын алу мақсатында өмір қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру | Электронды почта арқылы | ДТІЖО | Жарты жылдық бойынша |
| 9 | Каникул кезіндегі өткізілетін іс-шаралардың ұйымдастырылуы | Іс – шаралар | Класс жетекшілер | Тоқсан сайын |
| 10 | «Нашақорлыққа жол жоқ!» шығарма жазу<br>«Біз зиянды заттарға қарсымыз» сурет көрмесін жасақтау | Шығармалар жинақтау<br>Сурет көрмесін ұйымдастыру | ДТІЖО<br>Тәлімгер<br>Эстетика бірл. | қараша |
| **III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар** | | | | |
| **1. Бағыты: Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие**<br>Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалды ққарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамны ң саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру. | | | | |
| 1 | Өз құқығыңды білгенің - дұрыс өмір сүргенің | Саяхат сабақ | Класс жетекші | 14.11 |
| 2 | Мәңгілік ел – менің арманым! | Танымдық | Класс жетекші | 10.03 |
| 3 | Мектеп жарғысы мектеп өмірінің Заңы | Ақпараттық-танымдық | Класс жетекші | 17.02 |
| 4 | Толеранттылық-достыққа бастар сара жол» | танымдық | Класс жетекші | 28.04 |
| 5 | «Тәуелсіздік –ата-баба арманы, ұрпақ үшін мақтаныш»<br>Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығы | Тәрбие сағаты | Класс жетекші | 23.12 |
| 6 | Қазақстанның болашағы білімді ұрпағында | танымдық | Класс жетекші | 2.09. |
| **2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие**<br>Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы "Рухани жаңғыру" құндылықтары негіздерінің, оның ішінде "Құндылықтарға негізделген білім беру", "Қоғамға қызмет" жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру. | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 22 | «Отбасы – алтын діңгек» | шығарма | Класс жетекші | |

**5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 23 | «Ата-ана жұмысындағы бір апта» | Жоба қорғау | Класс жетекші | 7.10. |
| 24 | Таза бесенбілік «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» | акция | Класс жетекші | 19.05 |
| 25 | «Экономикалық заңдар», «Монополия» | танымдық | Класс жетекші | 2.12 |

**. 6. Бағыты: көпмәдениеттік және коркем-эстетикалық тәрбие**

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 26 | Адамшылық амандасудан басталады | өнеге | Класс жетекші | 28.10 |
| 27 | Сен қонаққа барғанда | әңгіме сағаты | Класс жетекші | 11.11 |
| 28 | Адам көркі - шүберек пікірлесу | пікірлесу | Класс жетекші | 24.02 |
| 29 | Бір ел – бір халық – бір тағдыр танымдық Роза Бағланованың 100 жылдығы | танымдық | Класс жетекші | 14.04 |

**7. Бағыты: Зияткерлік тәрбие**

Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 30 | «Жолдардағы қауіпсіздік» Қазыбек бидің 355жылдығы | Сынып сағаты | Класс жетекші | 18.11 |
| 31 | 1.«Үш тілдің патшалығы» зияткерлік сайысына қатысу. | сайыс | Класс жетекші | 3.03 |
| 32 | Әлеуметтік желілер жайлы не білеміз? | әңгіме | Класс жетекші | 20.01 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға<br>Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы | Тәрбие сағаты | Класс жетекші | 3.0.09 |
| 8 | Іздегенде табылатын қасыңнан пікірлесу | пікірлесу | Класс жетекші | 9.09 |
| 9 | Имандылық – инабаттылық мұраты сұрақ-жауап | Сұрақ –жауап.Әңгіме. | Класс жетекші | 9.12 |
| 10 | Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды | Танымдық сабақ | Класс жетекші | 5.05 |
| 11 | Кешірімділік көңіл кеңдігі | әңгіме | Класс жетекші | 27.01 |
| **3. Бағыты: ұлттық тәрбие**<br>Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау. | | | | |
| 12 | Д.Қонаевтың 110 жылдығы | Танымдық тәрбие сағаты | Класс жетекші | 10.02 |
| 13 | Қош келдің ,Жаңа жыл! | Іс-шара | Класс жетекші | 30.12 |
| 14 | «Көптілділік - болашаққа салар жол»<br>М.Әуезовтың 125 жылдығы | Іс-шара | Класс жетекші | 16.09 |
| 15 | «Ата-баба дәстүрі әдептілік негізі» | әңгіме | Класс жетекші | 17.03 |
| 16 | «Ұшқыр ойлы жұлдыздар» | Жоба қорғау | Класс жетекші | 21.10 |
| **4. Бағыты: Отбасылық тәрбие**<br>Мақсаты: ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру. | | | | |
| 17 | Отбасым-мерейім | Тәрбие сағаты | Класс жетекші | 7.04 |
| 18 | Қария ақылы, теңіз дария | Тәрбие сағаты | Класс жетекші | 14.10 |
| 19 | Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер | Сыр-сұхбат | Класс жетекші | 3.02 |
| 20 | «Бала тәрбиесінің бастауы - отбасы» | әңгіме | Класс жетекші | 12.05 |
| 21 | «Бақытты балалық шақ» | акция | Класс жетекші | 25.11 |

**8. Бағыты: Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 33 | Денсаулық – зор байлық | сайыс | Класс жетекші | 13.01 |
| 34 | Сақтансаң сау боларсың | кеңес | Класс жетекші | 23.09 |
| 35 | Салауатты өмір – көтеріңкі көңіл | ақпараттық-танымдық | Класс жетекші | 31.03 |
| 36 | Зиянды заттар зардабы танымдық | танымдық | Класс жетекші | 21.04 |

**Жолда жүру ережесін оқыту бағдарламасы**
**7-класс**

| № | Айлар | Сабақтың тақырыбы | Сағат саны | Өткізетін күні |
|---|---|---|---|---|
| 1 | қыркүйек | Автокөліктің еліміздің экономикасындағы рөлі. | 1 | |
| 2 | қазан | Көлік құралдарын пайдалану ережелері. | 1 | |
| 3 | қараша | Көлік құралдарының аялдау және тұрақтау орындары. | 1 | |
| 4 | желтоқсан | Интервал және арақашықтық. Қозғалыс жылдамдығы. | 1 | |
| 5 | қаңтар | Қозғалыс жол жолағы. Басып озу. | 1 | |
| 6 | ақпан | Жүргізушілердің жұмыс қабілеттілігі және олардың сенімділігі. | 1 | |
| 7 | наурыз | Автокөлікте медициналық қобдишаның болуы. | 1 | |
| 8 | сәуір | Темір жол қиылысынан өту. Қала сыртындағы жолдарда жүру ережелері. | 1 | |
| 9 | сәуір | Велосипедшілер, мопедшілердің жолда жүру ережелері. Велосипедпен, мотоциклмен жолаушыларды және жүкті тасымалдау ережелері. | 1 | |
| 10 | мамыр | Қорытынды сабақ. | 1 | |
| Барлығы: | | | 10 | |

**М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің 8 г класындағы «Өрт-тілсіз жау»атты өткізілген тәрбие сағатының анықтамасы.**

18 қазан күні оқушылармен «Өрт-тілсіз жау » атты тәрбие сағаты өткізілді.Тәрбие сағатының бірінші бөлімінде балалар өртке қатысты түрлі жағдайларды талқылап,сұрақтарға жауап берді.Өртке қарсы ыикториналық сұрақтар қойылды.Тәрбие сағаты өртке қатысты брошюркалармен танысумен жалғасып,мақал-мәтелдер жарысымен тәмәмдалды.

Класс жетекшісі: И.С.Нурланова

**М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің 8 г класындағы жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың «Адамның ала жібін аттама»тақырыбында өткізілген тәрбие сағатының анықтамасы.**

Оқушыларды қылмыс жасамауға, жаман әдеттерден аулақ болуға, біреудің мүлкіне қол салмауға тәрбиелеу мақсатында бабалармен жемқорлыққа қарсы тәрбие сағаты өткізілді.
Тәрбие сағаты аталған тақырыпқа лайықты мақал-мәтелдер жалғасын табу ойыны өткізілді.Кейін бабалармен тренинг жұмысы өткізілді.Оқушыларға Қазақстан Республикасының заңнамаларынан ,құқық саласынан бірнеше викториналық сұрақтар қойылды.Тәрбие сағаты ситуациялық сұрақтармен қорытындыланды.

Класс жетекшісі: И.С.Нурланова

**М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің 8 г класындағы «Баланың құқығын қорғау,оның ішінде зорлық зомбылықты алдын алу »тақырыбында өткізілген тәрбие сағатының анықтамасы.**

8 г класында кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқық мәдениеті, бала құқықтары туралы конвенцияның негізгі ережелері туралы білім деңгейін арттыру,оқушылардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту,әрбір адам өз құқығын біліп, өзгенің құқығын бұзбауға үйрету, құқықтық тәрбие беру мақсатында тәрбие сағаты өткізілді.

Бастапқыда мұғалім балаларды балалардың құқықтары мен міндеттерімен таныстырды.Слайдтан құқығын қорғау бойынша сенім телефрн нөмірі айтылып өтілді.Тәрбие сағаты соңында балалар түрлі жағдаяттар бойынша топқа бөлініп талқылады.

Класс жетекшісі: И.С.Нурланова

**М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің 8 г класындағы «Қазақстан еліне виртуалды экскурсия»атты 25 Қазан-Республика күніне арнап өткізілген тәрбие сағатының анықтамасы.**

21 Қазан күні ж ас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай — қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту мақсатында «Қазақстан еліне виртуалды экскурсия» атты тәрбие сағаты өткізілді.Тәрбие сағаты гимнен басталды.Кейін балалар өздерінің еліне деген өлеңдерін оқып,ойларын білдірді.Балалар өз сөздерінде еліміздің әр тарихына ,көрнекті жерлеріне ,ерекшелігіне тоқталып өтті.Тәрбие сағаты флешмобппен аяқталды.

Класс жетекшісі: [signature] И.С.Нурланова